

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Отырар апаты

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/133398/

Сәліметсізбе құрметті оқырмандар, бүгін сіздерге Отырар апаты туралы жаңа ақпарат беретін ойым бар, оқиғаның толық нұсқасын!

Бәріміз Шыңғыс ханды ұлы хан және жаулап алушы ретінде білеміз. Өзінің мықты жаулап алушы екенің Қарақытайды жаулап алған соң тағы да бір рет дәлелдеді. Енді оның үлкен мемлекеті бүкіл шығыс Еуразия жерін қамтыған соң, Темучин Хорезм ханы Мұхамедке жолдау жіберген еді

«Мен шығыс жерлерінің ханымын, ал сіз батыстың сұлтанысыз. Халықтар арасында достық және бейбітшілік келісімін жасастырайық»- деген хат жазып, құрмет көрсету ретінде Хорезм жеріне 500 түйеден тұратын үлкен караван мен елшілерді жіберді.

Алайда оның караваны дәлдеген жеріне жетпеді. Хорезмшах Шыңғыс ханның достықпен келгегіне үлкен күмән салды, себебі Қытайдан Моңғолдардың қатыгездігі туралы көптеген ақпарат келетін. Сондақтан караванды қабылдамай, елшілердің жартысын тұтқынға алып, жартысын өлім жазасына жіберді.

Осыны естіген Шыңғыс өзіне тыным таппай, кек алу жоспарын құра бастады. Себебі осындай құрметсіздікті өмірінде көрмеген болатын. Солайша 1219 жылы 150 мың әскерден тұратын әскерді Шағатай мен Үгедей Отырар маңына жеткізді. Ал Отырар әмірі Қайырхан 50 мыңнан тұратын әскермен қаланы қорғауға кірісті. Соғыс барысында Шағатай мен Үгедей Отырарға баратын жерасты су каналын тауып, оны жауып тастады. Осылайша 6 ай бойы қорғанған қала ішінде не су не тамақ қалмады, қорғанысқа тіптен балалар мен қарттар кірісті.

Алайда олардың күш-жігерлері бекер болды, себебі Қаража атты сатқын «соғыс жеңіліспен аяқталады» деген оймен, қалаға кіретін қамалды ашып, Моңғолдарды кіргізді. Осылайша 6 ай бойы берілмеген қала, бір сатқынның кесірінен бір аптада тас талқан болып қиратылды.

Өзіне қол салайын деген Қайырханды, моңғол әскерлері тауып, Шыңғыс ханға жеткіздірді. Ол Қайырханнан бір зат сұрады-«Сен бе менің елшімді өлтіріп, караванымды

алып кеткен?» Қайырханның жауабы осындай болыпты -» Сенің елшің осы соғыстың кесірі болды, ал сен болсан, адамдарға тым көп азаптау мен өлімді бердің». Осы сөздерден кейін, Темучин Қайырханның тамағына қорғасын құйып, өлтірді.

Осыдайша Шыңғысхан өзінің жауларымен мәселе шешкен болатын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.